

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 9 желтоқсандағы N 1249 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 наурыздағы N 333 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 21 қарашадағы № 715 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.11.2016 № 715 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ АУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Магистральдық, станциялық және кірме жолдарда жүру қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 9 желтоқсандағы N 1249 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 46, 514-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Магистральдық, станциялық және кірме жолдарда жүру қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеру ережесінде:
6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Магистральдық және станциялық жолдардың учаскелері бойынша жолаушылар поездарының сағатына 60 км/сағ және одан көп жылдамдықпен жүретін бағыттарын тексеру айына кемінде екі рет жүргізілуі тиіс";

3-бөлімнің тақырыбында, 12, 13, 15, 16, 17-тармақтардағы "Авария", "аварияны" және "Аварияға" деген сөздер тиісінше "Апат немесе авария", "Апатты немесе аварияны" және "Апатқа немесе аварияға" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1 4 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "Авария" деген сөз "Апат немесе авария" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2), 3), және 8) тармақшалардағы "авария" деген сөздің алдынан "апат немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

1 - қ о с ы м ш а д а :

тақырыбында және барлық мәтін бойынша "Аварияны", "Аварияның", "Авария", "Аварияға" деген сөздер тиісінше "Апатты/аварияны", "Апаттың/аварияның", "Апат/авария", "Апатқа/аварияға" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

"Ескертпе: осы нысанды апат немесе авария жағдайында толтыру кезінде

қажеттісінің асты сызылсын."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК